



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-22

Құрметті акционерлер, әріптестер, клиенттер және серіктестер!

2024 жыл «Қазақтелеком» АҚ үшін елеулі өзгерістердің, технологиялық жаңарудың және стратегиялық жетістіктердің кезеңі болды. Компания өз нарықтағы позициясын сәтті нығайтып, ауқымды жобаларды жүзеге асыру арқылы елдің цифрлануына қомақты үлес қосты.

2024 жылдың басты басымдықтарының бірі — телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияларды енгізу болды. Біз желілерді ауқымды түрде жаңғыртуды жалғастырып, олардың сенімділігін, қауіпсіздігін және деректерді беру жылдамдығын арттырдық.

5G технологиясын дамытуға ерекше көңіл бөлінді — бүгінде бұл технология көптеген қазақстандықтар үшін қолжетімді, ал біз оның қамту аясын еліміз бойынша сенімді түрде кеңейтіп келеміз.

Маңызды қадамдардың бірі — «Қазақтелеком» АҚ-ның Транскаспийлік су асты талшықты-оптикалық байланыс желісін салу жөніндегі халықаралық жобаға қатысуы болды. Бұл желі болашақта Еуропа мен Азияны байланыстырып, Қазақстанның континенттер арасындағы басты цифрлық көпір ретіндегі позициясын нығайтады.

Біздің барлық бастамаларымыздың ортасында — клиенттердің қажеттіліктері тұр. 2024 жылдың басты жобаларының бірі байланыс сапасын және пайдаланушы тәжірибесін айтарлықтай жақсартуға бағытталған жаңа «Sara+»

бағдарламасы болды. Осы бастама аясында клиенттік жабдықтар ауқымды түрде жаңартылып, интернет қосылымының тұрақтылығы мен жылдамдығын едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, ескі технологиялардан заманауи оптикалық шешімдерге көшуге бағытталған «Тазарту» жобасы да жалғасын тапты. 2024 жылы 70 мыңнан астам пайдаланушының қосылымы жаңғыртылып, бұл үрдісті келесі жылы да жалғастыру жоспарлануда.

2024 жылдың ең маңызды оқиғаларының бірі — «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дегі 100% үлесті Power International Holding (PIH) халықаралық холдингіне сату мәмілесінің жасалуы болды. Сенімді стратегиялық инвестордың тартылуы мобильді байланысты дамытудың және Қазақстан телекоммуникация нарығындағы бәсекелестікті арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Технологиялық дербестік пен цифрлық трансформация бағыты аясында «Қазақтелеком» АҚ ішкі инфрақұрылым негізінде әзірленген төрт бұлтты сервисті іске қосты. Бұл шешімдер корпоративтік клиенттер мен мемлекеттік мекемелерге IT шығындарын қысқартуға және шетелдік технологияларға тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Ұсынылған жетістіктер тек технологиялық прогресті ғана емес, сонымен қатар тұрақты даму қағидаттарын ұстануымызды да көрсетеді. Біз заманауи телекоммуникациялық компания технологиялық

дамуды адамдарға, қоршаған ортаға және қоғамға жауапкершілікпен қараумен ұштастыруы тиіс деп санаймыз.

2024 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның 2032 жылға дейінгі ESG-стратегиясының бекітілуі маңызды қадамдардың бірі болды. Құжатта экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару салаларындағы нақты мақсаттар айқын көрсетілген.

Біз инновацияларды, клиенттік сервисті, цифрлық қолжетімділікті және халықаралық ынтымақтастықты ұзақмерзімді тұрақтылықтың ажырамас элементтері ретінде қарастырамыз. Іске асырылған барлық бастамалар қоғамның, инвесторлардың және келер ұрпақтың үмітіне сай келетін сенімді, инклюзивті және жауапты цифрлық ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Басқарудың барлық деңгейінде тиімді өзара әрекеттесу мен ұжымның жоғары деңгейдегі қатысуы біздің прогресіміздің негізіне айналды. Біз бірлесе отырып, осы жылғы өршіл мақсаттарды жүзеге асырып қана қоймай, тұрақты өсудің берік іргетасын қаладық.

«Қазақтелеком» АҚ-ның дамуына өз үлесін қосып, біздің мақсаттарымыз бен құндылықтарымызды бөлісетін баршаға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздердің қолдауларыңыздың, сенімдеріңіз бен ынтымақтастықтарыңыздың арқасында біз алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп, еліміздің цифрлық дамуына өз үлесімізді қоса бермекпіз.

Н. БАЙДӘУЛЕТОВ

«Қазақтелеком» АҚ-ның
Директорлар кеңесінің төрағасы